

4. Зеленская О.В. Представления студентов о рынке труда и их адаптация к реальности // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики: журнал. 2008. № 6. С.15.

5. Трудоустройство по специальности [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://career.ru/article/21826>

6. Что должен знать и уметь экономист [Электронный ресурс] // Режим доступа: https://moeobrazovanie.ru/chto_dolzhen_znat_i_umet_ekonomist.html

Ж.А. Сериева, ғылыми жетекшісі Л.А. Медуханова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Қазақстанның Өзбекстанмен сауда қатынастарының дамуы

***Түйіндеме.** Қазақстанның сыртқы сауда қатынастары бүгінгі күні алыс шетелдерге бағытталған. Сонымен бірге, Қазақстан Орталық Азия аймағының елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды тарихи қалыптасқан. Осы Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде сауда айналымы жағынан бірінші орынды алатын Өзбекстан мемлекеті болып табылады. Республиканың қазіргі уақытта Өзбекстанмен сауда айналымының пайыздық үлесі шамамен 3,3% құрайды. Мақалада соңғы 10 жылда Қазақстанның Өзбекстанмен тауар айналымының динамикасын талданады, олармен сауда қатынастары мәселелерін қарастырады және Қазақстанның экономикалық мүдделері тұрғысынан сауда-саттықты одан әрі дамыту туралы болжам береді.*

***Түйінді сөздер:** Қазақстан, Өбекстан, сауда-саттық, статистикалық талдау.*

Қазіргі таңда Қазақстан Орталық Азия елдерімен сауда қатынастарын дамытуда. Осы аймаққа кіретін – Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қазақстан мемлекеттерінің ішінде Өзбекстанмен сауда қатынастары бірінші орында келеді.

Қазақстан мен Өзбекстан қуатты тау-кен, отын-энергетика, металлургия және химия өнеркәсібіне ие. Сонымен қатар әлемдік экономика үшін бұл екі мемлекет бірінші кезекте шикізат көзі ретінде қызықты. Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде экономикасы бойынша ең ірі ел болып отыр. Оның сыртқы саудасында басқа төрт Орталық Азия елдерімен саудасы қазіргі уақытта 5.4% үлеске ие. Соның ішінде Өзбекстанмен алатын пайыздық үлесі 3.3% құрап отыр. Өзбекстан Республикасы Қазақстанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы елдердің бірі болып табылады – 1992 жылғы 23 қараша.


Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда қатынастарының даму мәселелерін зерттеу. Қойылған мақсатқа жету үшін зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, екі елдің экономикасын және сыртқы саудасын сипаттайтын статистикалық деректер сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеулер әдістері пайдаланылды.

Өзбекстан елімен сауда қатынасы ең жоғарғы тауар айналымын 2018 жылы көрсетіп отыр. Өзбекстан мақтаны өндіру және экспорттау бойынша әлемдегі жетекші үш елдің қатарына кіреді, сонымен қатар алтын, уран кендері, минералды тыңайтқыштар, табиғи газ, тоқыма және азық-түлік өнімдері, металдар және автомобильдер шығаратын өнімдер экспортталады. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, 2007-2018 жылдар аралығындағы сауда айналымы шамамен бір деңгейде. Тек 2018 жылы өте жақсы дамығандығы көрінеді. Толығырақ 1- кестеде сипатталған.

Кесте 1. Қазақстанның Өзбекстанмен 2007-2018 жылдар аралығындағы сауда айналымы (мың АҚШ доллары)

Жылдар	тауар айналы- мы	экспорт	импорт
2007	1 410 268,00	871 798,10	538 469,90
2008	1 788 181,70	1 272 101,20	516 080,50
2009	1 196 259,60	891 845,60	304 414,00
2010	1 572 338,60	1 098 933,60	473 405,00
2011	1 902 964,60	1 137 801,70	765 162,80
2012	1 983 300,20	1 177 904,60	805 395,60
2013	2 115 393,40	1 145 309,90	970 083,50
2014	2 101 609,90	1 083 947,50	1 017 662,40
2015	1 667 951,20	942 266,80	725 684,50
2016	1 512 991,50	925 198,40	587 793,10
2017	1 985 347,40	1 249 166,30	736 181,10
2018	2 488 155,50	1 643 314,10	844 841 ,30

Деректер: ҚР Қаржы Мин МКК алынған



Сурет 1. Қазақстанның Өзбекстанмен 2007-2018 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы

Қазақстаннан Өзбекстанға жеткізілетін негізгі экспорттық тауарлар: бидай, ерітілген болаттан, табиғи газдан, бидай немесе бидай-ұны, шикі мұнайдан, мырыш кендерінен және концентраттардан, ыстықтай илектелген жалпақ болаттан жасалған жалпақ жартылай фабрикаттар, шикізат алюминийінен, күнбағыс тұқымынан, картоптан жасалған өнімдер.


Соңғы жылдары экспорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуынан болып отыр: табиғи газ, байытылмаған болаттан жасалған жартылай фабрикаттар, жалпақ илектелген байытылмаған болат, ыстықтай илектелген байытылған болат, шикі мұнай, шикі мұнайдан жасалған кокс және битум, картоп. Өзбекстаннан Қазақстанға тасымалданатын негізгі импорттық тауарлар: шикі этилен полимерлері, шикі мырыш, жаңа піскен жемістер, қызанақ, кептірілген жемістер, жаңғақ қоспалары.

Соңғы жылдары импорттың өсуі мынадай тауарлардың көлемінің артуынан: өңделмеген мырыш, этилен полимерлері, жолаушылар вагондары, қызанақ, кептірілген жемістер, жаңғақ қоспалары немесе кептірілген жемістер, безендірілмеген керамикалық плиткалар, жемістер, жаңғақтар [1].

Өзбекстанның алдыңғы басшылығының орнына келген Шавкат Мирзиёев бастаған жаңа басшылық ашық саясат жүргізуде. 2018 жылдың 14 наурызда өткен отырыста, екі елдің басшыларының тапсырысы бойынша, мемлекеттер арасындағы өзара байланысты нығайту жүктелген. Осы тапсырмаға сай Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық байланысты арттыру іс-шаралары жүргізіліп жатыр. Және сауда айналымының динамикасын бақылай отырып, 2018 жылы шамамен 3 млрд-қа дейін, 2020 жылға 5 млрд.долларға дейін жеткізу мақсаты қойылған болатын [2]. Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда байланысының дамуы, «Қорғас» қағидасы бойынша жұмыс жасайтын, шекаралық сауда аймағын құру мәселесін де көтеріп отыр. «Қорғас» шекаралық сауда аймағының нәтижесінде Қазақстан мен Қытайдың тауар айналым көлемі 17 млн тоннаны құрап отыр. Сыртқы

істер министрлігінің пайымдауынша, аталған инвестициялық проект Өзбекстанмен де сауда байланысында жоғарғы нәтиже көрсетуі мүмкін [3].

Орталық Азия елдері арасындағы сауда айналымының пайыздық үлесі айтарлықтай көп емес. 2007 жылы 3,2%, соңғы жылдары 5-6% құрап отыр. Динамикадан байқап отырғанымыздай, Өзбекстанмен сауда қатынасындағы үлесі жыл сайын артып келеді.



Деректер: ҚР Қаржы Мин МКК алынған

Сурет 2. Қазақстанның Орталық Азия елдерімен жалпы сауда көлеміндегі елдердің үлесі, %

Аталған елдер арасындағы сауда байланысын дамыту үшін көршілес жатқан үлкен мемлекеттер де өз әсерлерін тигізуде. Қытай осы аймаққа сауда-экономикалық қызығушылығын танытуда және араласып отыр. Оған мына жаңалық мысал бола алады – Қазақстан үкіметі Қытайдан екі ел шекарасындағы қазақстандық өткізу пунктерін жетілдіру үшін 2 миллиард юань, яғни, 100 миллиардқа жуық теңге қарызға алуды жопарлап отыр. 2018 жылдың маусым айында президент Н.Назарбаевтың Бейжіңге сапары барысында екі ел басшылары қол қойған болатын. Осы келісім-шарт бойынша Қазақстан үкіметіне Қытай және Өзбекстанмен шекарадағы қазақстандық өткізу пункттерін жетілдіру және техникамен жабдықтау үшін 2,062 миллиард қытайлық юаньді жеңілдетілген несие түрінде береді.

Қазіргі таңда инфрақұрылымды дамыту қажеттігін айта отырып, премьер-министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов «Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы жағдайда Қазақстан жағындағы өткізу пункті алдында күн сайын 70-300 автокөлік жиналады, олар үш күнге дейін кезекте тұрады», - деп мәлімдейді. «Осы қарыз аясында тоғыз автокөлік және бір теміржолға арналған өткізу пунктін жетілдіріп, техникалық жабдықтау жоспарланып отыр. Бұл жоба осы жылдың соңына қарай бастап, 2022 жылы аяқтаймыз», – деді Смайылов [4].

Және де Қытаймен жүргізіліп отырған Орталық Азия аймағы арқылы батыс Еуропаға шығу жолдары, сонымен қатар «Бір жол, бір белдеу» - жобасын, ол да өз кезегінде осы Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы сауда байланысын дамытуға мүмкіндік береді. Мәселелерді айқындау нәтижесінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық қатынасын дамыту бойынша келесі ұсынымдар ұсынылады:

- кедендік кедергілерге, баж-салықтарына жеңілдіктер жасау;
- екі ел арасында кәсіпорындарды біріктіру;
- коммерциялық алаяқтықтың және заңсыз әрекеттердің барлық түрлерімен күресу үшін өзара әрекеттесу;
- сауда-экономикалық заңдарды жетілдіру, «Қорғас» сынды шекаралық сауда орталықтарын құру;

Яғни статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанның Өзбекстанмен сауда қарым-қатынасы жылдан жылға артып келеді. Және осындай қатынас аймақтағы елдер үшін өте тиімді.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Қаржы Мин. мемлекеттік кіріс комитеті // http://kgd.gov.kz/ru/exp_trade_files
2. Казахстан – Узбекистан: высокая динамика торгово-экономического сотрудничества. 14 марта 2018, // <https://primeminister.kz/ru/news/all/kazakhstan-uzbekistan-visokaya-dinamika-torgovo-ekonomicheskogo-sotrudnichestva-16173>
3. Казахстан и Узбекистан могут создать аналог "Хоргоса" на границе 2018-10-08//www.nur.kz/1756797-kazakhstan-i-uzbekistan-mogut-sozdat-analog-horgosa-na-granice.html
4. Қазақстан Қытайдан неге 100 миллиард теңге қарыз алды – Смайылов жауап береді. 06.03.2019 // https://kaz.tengrinews.kz./kazakhstan_news/kazakhstan-kyitaydan-nege-100-milliard-tenge-karyz-296114/

*А.К. Слободчикова, научный руководитель И.В. Ухлов
Российский государственный профессионально-педагогический университет, Екатеринбург, Россия*

Экономическое и трудовое неравенство женщин и мужчин в современном обществе

Аннотация. Ставится вопрос о разнице в оплате труда мужчин и женщин. Приведен анализ списка «запрещенных» профессий для женщин. Проверяется соответствие сложившегося положения трудоустройства женщин статьям Трудового Кодекса РФ и Конституции РФ.